ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАРИХ
СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ
SOCIAL AND ECONOMIC HISTORY

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20
ӘӨЖ/УДК/ UDC: 974(57) https://doi.org/10.51889/2959-6017.2026.89.2.001

Д. Әбділәшім[1]*

[1]*т.ғ.д., визитинг-профессор, Токио шетел тілдері университеті, Токио қ., Жапония*
E-mail: airu331@gmail.com
https://orcid.org/0000-0001-7466-2144

1774 ЖЫЛҒЫ ҚАЗАҚ-ҚЫРҒЫЗ СОҒЫСТАРЫ

Аңдатпа

Орталық Азия даласында бәрі де түркі текті халықтар бола тұра, жайылым мен су көздеріне таласып, бірін-бірі шабуылдайтын жайттер аз болмаған. Әсіресе көшпелі қоғамда бұндай жағдайлар қалыпты болып саналған. Мысалы бұған XVIII ғасырдағы қазақтар мен қырғыздар арасында туындаған түрлі деңгейдегі соғыстарды атауға болады. Шын мәнінде қазақтар мен қырғыздар талай ғасыр көршілес отырып, ауылы аралас, қойы қоралас тіршілік еткен. Енді бір сөзбен айтқанда, қазақ-қырғыз қатынасы тек қақтығысқа құрылмаған, араларында мәдени және экономикалық байланыстар да болды. Сауда-саттық жүргізіліп, кейде құдандалық қатынастар орнады. Бұл екі халықтың этникалық және мәдени жағынан жақындығын көрсетеді.

Жоңғарлар жойылғаннан кейін, олармен ұзақ жылдар әскери соғыстар жасасып келген қазақтар мен қырғыздар ендігі жерде Цин патшалығымен ресми саяси-экономикалық қарым-қатынас орнатып, жылқыға жібек саудасын дамытты. Осылай бола тұра екеу ара қақтығысып қалатын мысалдар да көп кездеседі. Солардың ішіндегі ең ауқымдысы 1774 жылғы «Барақ шабылған» мен «Жәйіл қырғыны».

Бұл қақтығыстар бұған дейін де ел арасында тараған аңыз-әңгімелер негізінде зерттелген болатын. Шоқан Уәлихановтың жазбалары мен одан кейінгі ғылыми зерттеулерде осы реткі соғыстың 1770 жылы болғандығы айтылады. Алайда жақын жылдардан бергі қытай архивтеріне жасалған зерттеулерде бұл соғыстардың 1774 жылы болғаны анықталып отыр. Бұған негіз болған тарихи жазба материалдар – Әбілпейіз сұлтанның хаты мен осыған желілес жазылған мәнжу тілді мәлімдемелер. Сол себепті аталмыш архив құжаттары қазақ тарихы үшін аса құнды жазба мұралар болып есептеледі.

Мақала осындай тың дереккөздерін пайдалана отырып, XVIII ғасырдың соңын ала қазақ-қырғыз арасында туылған екі реткі ең ауқымды далалық соғыс туралы ғылыми талдау жасайды.

Кілт сөздер: XVIII ғасыр, Қазақ-қырғыз қақтығыстары, «Барақ шабылған», «Жәйіл қырғыны», Цин деректері, Әбілпейіздің хаты.

Алғыс: *Бұл мақала Қазақстан Республикасы Ғылыми және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қаржыландыруымен жүзеге асырылып жатқан BR28712621 «Қазақстанның қолжазба мұрасы: реестрлеу, реставрациялау, ғылыми каталогтау, цифрландыру және кешенді кодикологиялық зерттеу» бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасы аясында жарияланды.*

Д. Абдилашим[1]*

[1]*д.и.н., визитинг-профессор, Токийский университет иностранных языков, г. Токио, Япония*
E-mail: airu331@gmail.com
https://orcid.org/0000-0001-7466-2144

КАЗАХСКО-КИРГИЗСКИЕ ВОЙНЫ 1774 ГОДА

Аннотация

В степях Центральной Азии, несмотря на то что все народы имели тюркское происхожде-ние, нередки были случаи взаимных нападений из-за споров за пастбища и водные ресурсы. Особенно в условиях кочевого общества такие ситуации считались нормальным явлением. В качестве примера можно привести войны различного масштаба между казахами и киргизами в XVIII веке.

На самом деле казахи и киргизы на протяжении многих веков жили по соседству, тесно взаимодействуя друг с другом. Иными словами, их отношения не ограничивались только конфликтами: между ними существовали также культурные и экономические связи. Велась торговля, иногда устанавливались брачные (родственные) отношения. Всё это свидетельствует об этнической и культурной близости двух народов.

После разгрома джунгар казахи и киргизы, долгое время воевавшие с ними, установили официальные политико-экономические отношения с Цинской империей и развивали торговлю по принципу «лошади в обмен на шелк». Несмотря на это, случаи столкновений между ними продолжали происходить. Наиболее масштабными среди них стали события 1774 года – «Барак шабылган» и «Жайыл кыргыны».

Эти конфликты ранее изучались на основе народных преданий и легенд. В трудах Чокана Валиханов и последующих научных исследованиях указывалось, что данная война произошла в 1770 году. Однако исследования последних лет, основанные на материалах китайских архивов, показали, что эти события имели место в 1774 году.

Основанием для этого послужили письменные исторические источники – письмо султана Абилпеиза, а также связанные с ним документы на маньчжурском языке. Поэтому данные исторические материалы являются чрезвычайно ценным письменным наследием для изучения истории казахского народа.

Используя эти новые источники, статья проводит научный анализ двух крупнейших степных войн, произошедших между казахами и киргизами в конце XVIII века.

Ключевые слова: XVIII век, казахско-киргизские конфликты, «Барак шабылган», «Жайыл кыргыны», источники Цинской империи, письмо султана Абилпеиза.

Благодарности. *Исследование выполнено в рамках проекта программно-целевого финан-сирования BR28712621 «Рукописное наследие Казахстана: регистрация, реставрация, научное каталогизирование, цифровизация и комплексное кодикологическое исследование», финансируе-мого Комитетом науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан.*

D. Abdilashim[1]*

[1]*Doctor of Historical Sciences, Visiting Professor, Tokyo University of Foreign Studies, Tokyo, Japan*
E-mail: airu331@gmail.com
https://orcid.org/0000-0001-7466-2144

THE KAZAKH-KYRGYZ WARS OF 1774

Abstract

In the steppes of Central Asia, although all peoples were of Turkic origin, conflicts involving raids and attacks over pastureland and water resources were not uncommon. In particular, in nomadic societies such situations were considered normal. As an example, one may cite the wars of varying scale that occurred between the Kazakhs and the Kyrgyz in the eighteenth century.

In fact, the Kazakhs and the Kyrgyz had lived as neighboring communities for many centuries, maintaining close interaction. In other words, their relations were not limited to conflict alone; they also maintained cultural and economic ties. Trade was conducted, and at times marital alliances were established. This demonstrates the ethnic and cultural closeness of the two peoples.

After the fall of the Dzungars, the Kazakhs and the Kyrgyz—who had long engaged in warfare with them—established official political and economic relations with the Qing Empire and developed the horse-for-silk trade. Nevertheless, conflicts between them continued to occur. Among the most significant were the events of 1774, known as "Barak Shabylygan" and the "Jayil Kyrgyny."

These conflicts had previously been studied on the basis of oral traditions and legends. In the writings of Chokan Valikhanov and in subsequent research, it was suggested that this war took place in 1770. However, recent studies based on Chinese archival materials have demonstrated that these events occurred in 1774.

The evidence for this comes from written historical sources, including a letter by Sultan Abilpeiz and related statements written in the Manchu language. These documents therefore constitute highly valuable written sources for the study of Kazakh history.

Drawing on these newly examined sources, the article provides a scholarly analysis of the two largest steppe wars that occurred between the Kazakhs and the Kyrgyz in the late eighteenth century.

Keywords: 18th century, Kazakh–Kyrgyz wars, "Barak Shabylygan," "Jayil Kyrgyny," Qing sources, the letter of Abilpeiz.

Acknowledgements. *This research was conducted within the framework of the program-targeted funding project BR28712621, "The Manuscript Heritage of Kazakhstan: Registration, Restoration, Scientific Cataloguing, Digitization, and Comprehensive Codicological Study," funded by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan.*

Кіріспе. XVIII ғасыр Қазақ хандығы тарихындағы ең күрделі, ең ауыр әрі шешуші кезең болып саналады. Бұл тұста қазақ халқы тек сыртқы жаулармен ғана емес, сонымен қатар ішкі саяси тұрақсыздықпен, руаралық тартыстармен де бетпе-бет келді. Осының салдарынан елдің бірлігі әлсіреп, сыртқы қауіптерге қарсы тұру қуаты кеміді. Осындай күрделі кезеңде жоңғарлар қазақ жеріне қауып төндірді. Олар кемелді қару-жарағы мен мығым әскери күшіне сүйеніп қазақ даласын жаулап алуды мақсат етті.

1723 жылы басталған жойқын шабуылдар қазақ халқының тарихында «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деген атпен қалды. Бұл оқиға тек әскери жеңіліс қана емес, бүкіл халықтың басына түскен ауыр қасірет болды. Қазақ ауылдары күйреп, бейбіт халық босып кетті, мыңдаған адамдар аштық пен аурудан қаза тапты. Елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайы қатты нашарлап, дәстүрлі шаруашылықтың шаңырағы шайқалды. Халықтың бір бөлігі Самарқан, Бұхара сияқты оңтүстік қалаларға көшіп, бас сауғалауға мәжбүр болды.

Алайда қазақ халқы мұндай ауыр жағдайға қарамастан, өз тәуелсіздігін сақтап қалу үшін күресті тоқтатпады. 1726 жылғы Бұланты шайқасы, 1729-1730 жылдары болған Аңырақай шайқастарында қазақ жасақтары жаудың бетін қайтарып, ырықты орынға шықты. Дегенмен жекелеген шайқастар мен қақтығыстар жалғасып тұрды.

XVIII ғасырдың орталарында Цин патшалығы Жоңғар хандығын толықтай жойғаннан кейін ғана қазақ жері жоңғар шапқыншылығынан бір жолата сейілді. Бұл Қазақ хандығы үшін жаңа тарихи кезеңнің басталуына мүмкіндік берді.

1770 жылдарға келгенде қазақтар жағынан «Шаңды жорық» деп аталып кеткен қазақ-қалмақ қақтығысы орын алды. Бұл қазақ-ойрат тарихындағы ең соңғы қарулы қақтығыс болып есептеледі. 1770 жылы қысқа қарай Еділ бойындағы торғауыттардың бір бөлегі Ұбаш ханның бастауында шығысқа қарай ауып, қазақ даласын кесіп өтті. Оларды алдымен орыс әскерлері қуып, жете алмай кері қайтты. Деректерде жазылуынша, олар қазақ жерімен жай өтпеген, жол бойы ауылдарды шауып, малын барымталаған. Сол себепті Абылай хан, Әбілпейіз сұлтан

бастаған қазақ әскерлері оларды өкшелей қуып, соққы берді. Сөйтіп 1771 жылы маусым айының соңын ала 170 мыңға жуық адамнан 70 мыңдайы ғана зорға дегенде Шыңжаң жеріне жеткен [1, 10 (кіріспе)]. Цин үкіметі оларды әр жерге бөліп орналастырды. Ұбаш хан бастаған көп санды торғауыттар Жұлдыз жеріне (ҚР ШҰАР Байынғол моңғол автономиялы облысы) орнықты.

Осымен бір уақытта, қазақ-қырғыз арасындағы қарым-қатынас та күрделі жағдайда тұрды. Екі халық бір жағынан ортақ жауларға қарсы одақтас болса, екінші жағынан жайылымдық жерлер, су көздері және өңірлік саяси ықпалдастық үшін өзара қақтығысып қалатын. Әрине, көшпелі өмір салтын ұстанатын қазақ пен қырғыз үшін жер мен мал – тіршіліктің қайнар көзі болғандықтан, олар суы тұнық, шөбі шүйгін жерлерді иемдену жолында аянбай күресті.

Жоңғар шапқыншылығы кезінде қазақтар мен қырғыздар күш біріктіріп, ортақ жауға қарсы күрескенімен, жоңғар қаупі сейілгеннен кейін бұрыннан келе жатқан жер дауы қайта өршіп, қарулы қақтығыстарға ұласты. Бұндай жағдайлар шекаралас аймақтарда, әсіресе Жетісу өңірлерінде жиі орын алды. Осындай ірі саяси мәселелерді шешуге қазақ жағынан Абылай хан мен Әбілпейіз сұлтан бел шеше кірісті.

Қытай деректері бойынша, қырғыздар Іле өңірінің оңтүстік-батысында орналасып, шығыс және батыс болып екі бөлекке бөлінеді. Ақсу мен Ошдың солтүстік-батысында және Іленің оңтүстік-батысында көшіп-қонып жүрген қырғыздар «Шығыс қырғыздары» деп аталса, ал Қашғардың солтүстігі мен батысында және Яркендтің оңтүстік-батысында көшіп жүрген қырғыздар «Батыс қырғыздары» делінеді [2, 715 б.]. Осының ішінде қазақтармен қақтығысқа түскендер көбінесе Шығыс қырғыздары. Қырғыз атауы Цин жазбаларында мәнжуша «burut», қытайша «布魯特» болып хатқа түскен. Ал қазақ құжаттарында сиректе болса кездесіп қалады. Мысалы, 1788 жылы Ханқожаның Іле генералына жазған хатында «бұрт жолы» (қырғыз жерімен өтетін керуен жолы) тіркесі қолданылған [3, 29-31 б.].

Екі жақ ара қақтығыстардың ішінде 1774 жығы шайқас қазақ-қырғыз арасындағы шабуылдардың ең ушыққан кезеңіне жатады. Жазба деректерге сүйенсек, алдымен қырғыздар келіп ел шетінен мал барымталайды, оған Ханқожа, Барақ батыр қол бастап барады, шайқаста Барақ өліп, қазақ жағы ауыр шығынға ұшырайды. Соңынан Абылай мен Әбілпейіз қалың қолмен барып қырғыздарды шауып алады. Осы оқиғаларға байланысты жазылған сол жылдардағы Цин патшалығының жергілікті ұлықтары – Іле генералы, Тарбағатай амбаны қатарлылардың патшаға жолдаған мәнжуша мәлімдемелері, сондай-ақ Әбілпейіз сұлтанның Іле генерал-губернаторына жазған хаты Қытайдың бірінші тарихи архивінде сақталған.

Мақалада осы және осы тақырып төңірегінде жазылған өзге де шежіре, зерттеулерді пайдалана отырып, XVIII ғасырдың соңғы кездеріндегі қазақ-қырғыз арасындағы саяси қарым-қатынастың шынайы болмысын ашып көрсету көзделеді.

Материалдар мен әдістер. Мақалада зерттеу нысаны ретінде Қытай бірінші тарихи архивінде сақталған Әбілпейіз сұлтанның Цин патшалығының жергілікті ұлықтарына жазған бір парша хаты және осымен желілес жазылған мәнжуша архив құжаттары таңдалды. Әбілпейіздің хаты 1775 жылы 12 шілде Іле генерал-губернаторы Илэтудың патшаға жіберген мәлімдемелерімен бірге жолданған. Хат Ілеге жеткізілгеннен кейін ондағы әкімшілік оны алдымен мәнжу тіліне аударып, онан осыған қатысты мәлімдеме жазып патшаға жіберген. Бұдан сырт, 1770 жылдардағы қазақ-қырғыз қақтығыстары және «Барақ шабылған», «Жәйіл қырғыны» оқиғаларына байланысты жазылған мәнжу тілді архив құжаттары сараптап пайдаланылды. Қазақша хаттың сақталу жай-күйі, көшірмесі, транскрипциясы және аудармасы қатысты мазмұндар алдыңғы зерттеу еңбегімізде толық берілгендіктен [4, 130-132 б; 5, 175-177 б.], мұнда хаттың аудармасы ғана алынды. Мақалада алдыңғы зерттеулер мен архив құжаттарын салыстыра отырып талдау басты мақсат етілгендіктен, пайдаланған мәнжу тіліндегі мәлімдемелерді қазіргі қазақ тіліне аударып, транскрипциясын қоса бердік. Берілген құжаттарды қазіргі қазақ тіліне аударуда мүмкіндігінше әуелгі мағынадан ауытқымауға күш салдық.

Нәтижелер мен талдаулар.

1. 1770 жылдардағы қазақ-қырғыз қақтығыстары

Бұл кезеңде қазақтар жағынан Абылай хан, Әбілпейіз сұлтан және батырлар қосыны маңызды рөл атқарды. Олар тек жоңғарлармен күресіп қана қоймай, көрші халықтармен, соның ішінде қырғыздармен де саяси қарым-қатынасты реттеуге тырысты. Олар қырғыздардың ел шетіндегі ауылдарды шауып, малын барымталау әрекеттеріне батыл қарсы тұрды әрі шекара қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қазақ руларының жайылымдық жерлерін қорғау мақсатында қайтарма шабуылдар жасады.

Жалпылай айтқанда мұндай қақтығыстар көбінесе қысқа мерзімді шабуылдар, мал айдап кету, тұтқын алу сынды сипаттарымен ерекшеленді. Бұл көшпелі қоғам үшін қалыпты әскери-саяси тәжірибе еді. Соған қарамастан, бұл түрдегі шабуылдар екі халық арасындағы сенімге сызат түсіріп, ұзақ уақытқа созылған шиеленістерге әкелді.

Қазақ-қырғыз арасындағы шабуылдар XVIII ғасырдың орталарынан кейін үдей түсті. Бұны қазақ, мәнжу тілінде жазылған деректерден анық байқауға болады. Бұл жөнінде алдыңғы зерттеулерімізде алғаш рет ғылыми тұжырым жасаған болатынбыз [6, 93-104 б.].

Осы тақырыпқа байланысты жазылған қазақ құжаттарының ішіндегі ең алғашқысы – 1765 жылғы Әбілпейіз сұлтанның патшаға арнап жазған хаты. Хат Іле генерал-губернаторының мәлімдемесімен бірге патшаға жолданған. Онда былай делінеді:

Ол – Алла барлық жұрттың ұлығы, барша ұлық ғазиз патша, әмір-пәрмені даңқты, барша жұрттың ұлық иесі, бәріміздің қамқорымыз – ұлық Боғда Ежен ханға хат жібердік. Айтпақшымыз мынау: сізден, жоғарыдан жарлық болып еді, «Құлжа, Қайнүк[1] – осы жаңаны басқарып тұрған генералдармен бірлесіп жұрттың ісін бітіріңдер», – деп жарлық қылып едіңіз. Біз сол жарлық бойынша іс істедік, қырғыздар оған бағынбай, бізді екі шапты: бір шапқанда 60 адамды, енді бір шапқанда 500 адамды олжа-жесір етіп алып кетті, мал санында есеп жоқ. Онан соң біз шыдамай, шаба келген Ноғай бидің ізімен барып, олардың жылқысы мен қойын шауып алдық, барымта аз түсті. Артынан: «Хан жарлығын сен де, мен де тыңдап, ел болайық», – деп екі елшімді жібердім. «Бұл істеген ісімді сізге білдірмесем, онда жарлықтың не пайдасы болмақ», – деп мәртебелі хан, сізге, мәлімдеп отырмын. Мұндағы генералдар қай-қайсымыздың телі-тентектігімізге қарсы [5, 125-129 б.].

Жоғарыдағы хат мазмұнынан байқағанымыздай, қырғыздардың қазақтардан тұтқындаған адам саны екі ретте 560-қа жеткен. Бұл әрине қазақтарды қайтарма соққы жасауға итермеледі. Дегенмен Әбілпейіз сұлтан сол тұстағы геосаяси жағдайды ескере отырып, қырғыздарды ынтымаққа шақырған. Енді бір жағынан, қырғыздармен арадағы қақтығыстар туралы императорға құлаққағыс етіп, оның екі жақтың бітімге келуіне ықпал етуінен үміттенген.

Дегенмен, онан кейін де қырғыздардың қазақтарға жасаған шапқыншылықтары толастамаған. Бұл 1770 жылы Әбілпейіз сұлтанның Іле генералына жолдаған хатында анық жазылған. Онда былай делінеді:

[1] Qulja, Qay[nuk] – Іле өзенінің оң және сол жағалауындағы жер аттары. Мәнжушада «gūlja» (固爾扎), «hainuk» (海努克) болып жазылады. ҚХР Іле қазақ автономиялы облысына қарайды. Бұл топонимдердің шығу төркіні жөнінде түрлі пікір бар. Бізше ең бері болғанда Қалдан Сереннің билік құрған кезінен бастап (1727-45), бұл жерлер «Құлжа ғибадатханасы», «Қайнүк ғибадатханасы» деген атпен белгілі бола бастаған сыңайлы. «Патша бекіткен батыс өңір топонимдары және кісі аттары» кітабында (1-25 томдар) жазылуынша «Қайнүк – жоңғар тілінде қоңыр сиырлар мекендейтін жер», Құлжа – жоңғар тілінде құлжа аңының мекені» делінген [7, 25 (1-бөлім)]. Алайда, «құлжа» аң атауы ретінде түркі тілдерінің лексикалық қорында бар сөз. Қарақұланың үлкен ұлы Батыр қонтайшы билікке келгеннен кейін ойраттар толықтай дамыды, әрі Далай Ламаны жетекші еткен тибеттік буддизмнің гелуг бағыты ойраттардың арасында кең тарады [8, 35 б.]. Қалдан Сереннің кезінде ойраттар қайта күшейіп, буддизмнің гелуг бағыты тіпті басты қоғамдық дін ретінде дамыды. Сөйтіп Құлжа мен Қайнүк ғибадатханалары салынды. Қытай тіліндегі тарихи материалдарда Құлжа ғибадатханасы «金頂寺» (jin ding si), ал Қайнүк ғибадатханасы «銀頂寺» (yin ding si) болып жазылған.

Елімізден 31 кісі, 10 мың жылқыны өзім келген соң қырғыз алды. Соған байланысты ел шетіне шығып, қырғыздарға қол бастап барып едік[2], аз-наулақ баласы мен малын алып келдік. Сізден бұрынғы генералдың «Қырғыз елі алған малыңды алып берелік», – деп айтқан сөзі бар еді. Сол үшін мәлімдеп сұраттық. Сауда шынымен аз баруда. Қырғыз, қазақ Ежен ханға бағым кісі едік, қырғыздың жарғыға мойын ұсынуын қадағалап беріңіз. Екеуімізді шақырып, дұрыс-бұрыстығымызды біліп, оған төрелік айтып беріңіз [5, 159-160 б.].

Құжатта қазақтардан тұтқынға алынған адамдар мен барымталанған мал саны анық жазылған. Сонымен қатар бұрынғы Іле генералының қырғыздарға ұрланған малды қайтаруды міндеттенгені де ауызға алынып, қазақ жағының Цин үкіметіне үміт артқаны байқалады.

1773 жылы 6 шілде Іле генералының патшаға жолдаған мәлімдемесінде былай делінген:

Жақында қазақтың екі саудагері Боро-Хұжыр жақпен келді. Құлыңыз әскери қолбасы Минкэчандарға табыстап беріп, мән-жайын сұраттырып едім, Шапырашты руының ақалақшысы Ақмырза қатарлылар былай депті: «былтыр Батыр Чэн амбан шекара өңірлерін аралап қайтқан соң, қырғыздар келіп қазақтарды шауып алды. Әбілпейіз дереу қалың қол жинап барып, қырғыздардың 500 адамын тұтқындап алып келді [9, 285 б.][3].

Соңынан қазақтарға елші жіберіп, татуласуға ниет білдіргендей болғанымен, нәтижесінде қазақтарды алдап, адамдарын тұтқындап, жылқыларын барымталап әкетеді. Бұл жағдай Әбілпейіз сұлтанның Іле генералына жазған хатында толық баяндалған. Хат 1773 жылдың 10 қазан Іле генералының мәлімдемесімен бірге патшаға жолданған:

Биыл қырғыз бізге: «Ел боламын», – деп елші жіберді, келген елшісін қоналқа беріп сыйладық. Елші біздің ішімізде тұрып, бізге түскен олжа-жесірлерін түгендеп, жиып алды. «Бізге ақ үйлі береміз», – деп алдап, бізден елші алып барып, жұртқа жеткен соң, біздің жіберген елшімізді қуалап жіберіп, елдің шетінен бес жерден жылқы барымталады. Жылқы соңынан қуалап барған қазақтардан 18 кісіні ұстап алып кетіпті. Қырғыздар: «Біздікі жөн», – дейді, біз мұнда өзіміздікін жөн санаймыз. Екі елден жақсы кісілерді шақыртып: «Екі жақтың рас-өтірігін айырып берсеңіз», – деп генерал сізден тілеймін [5, 170-173 б.].

Осылайша, қазақтар мен қырғыздар арасындағы қақтығыстар бәсеңдеудің орнына, біртіндеп ушыға түседі. Құжатта айтылғандай, қырғыздар алдымен қазақтардың қолына түскен өз адамдарын құтқару үшін қазақтармен татуласқандай кейіп танытып, елшілер жіберген. Кейін олар арқылы қазақтар арасында жүрген өз адамдарын анықтап, барлығын алып қайтқан. Осы мақсаттарына жеткен соң, олар кенеттен өзгертіп, қазақ жерінен ерте барған елшілерді қуып жібереді. Сонымен қоймай, қазақтардың шекаралық қоныстарына барып, малын барымталаған әрі қуа келген 18 адамды да тұтқындап алған.

Осылай қырғыздарға алданып қалған Әбілпейіз сұлтан Іле генералына елші жіберіп, оқиғаның мән-жайын баяндайды әрі мәселенің ақ-қарасын айырып беруге генералға қолқа салады.

1773 жылы 1 ақпан Іле генерал-губернаторының патшаға жолдаған мәлімдемесіне қарағанда, қазақ та, қырғыз да қол жинап, соғысқа дайындалып жатқандығы сөз болады. Онда былай делінеді:

[2] Түпнұсқадағы осы тіркестің мағынасы күңгірттеу, сол себепті мәнжушадағы аудармасынан пайдаландық: «neneme burut i nukte de tosome genefi» (алдымен қырғыз жеріне қол бастап барып едік) [10, 275 б.].

[3] jakan juwe meyen i hūdašra hasak, boro hūjir jugūn deri jihe. aha uheri da mingecang sede afabufi fujurulame fonjibuci capirasita otok i ahalakci akmardza sei alarangge, duleke aniya, baturu ceng amba jecen giyariha amala, burut emu mudan hasak sebe tabcilaha turgunde, abulbis labdu cooha gaifi burut i bade genefi, sunja tanggū niyalma be tabcilame gajiha.

Батыр амбан Науаң, құлыңыз маған бұл рет әскер бастап шекара өңірлерді тексеруге шығып, Көксудан Қаражіктеге[4] дейін қазақ сарбаздарының толассыз жиналып жатқанын көріп, Әбілпейіздің ұлы Ханқожа мен алжан руының адамы Мөңке қатарлылардан жөн сұрап едім, олар: «Қырғыздармен соғысамыз, (біз) қазақ сарбаздары өз-өзіміз жиналып, уағдаласқан жерге барамыз. ... Біздің Абылай, Әбілпейіз, Ерәлі, Нұрәлілер қол бастап Қаңжамбала арқылы уағдалы жерге жиылады, біз бармасақ болмайды. ... Желтоқсан айында Алтынеміл мен Бижы өзенінің аралығындағы кішкене бастаудың маңында 6-дәрежелі жіңсе, көк түсті ұтағат қадаған Төлеубай, Миңилқаның[5] інісі Жаулабай қатарлы адамдармен кездестік. 100 неше әскердің жан-жақтан жиналып жатқанын көріп, жөн сұрап едік, олар: қазақ әскерлері жерімізге келіп, әйел, бала-шағамызды тұтқындап, малымызды барымталап алып кетті...», – деп айтты деді [11, 331-332 б.][6].

Іле генералына қарайтын әскери қолбасшы Науаңның бұл айтқандарынан байқағанымыздай, қазақтар мен қырғыздар 1773 жылдың аяғына қарай Жетісу жерінде қол жинап, бір-бірімен соғысуға дайындалған. Бұл жолы қазақ әскерлерінің қолбасшысы ретінде Әбліпейіздің ұлы Ханқожа сұлтанның аты аталады. Сонымен қатар, Абылай хан, Әбілпейіз сұлтан, Ерәлі сұлтан және Нұрәлі ханның да аттары ауызға алынады. Ұлы жүз албаннан тарайтын алжан руының адамы Мөңке де айтылады. Бұдан сырт, Алтынеміл жақтағы Төлеубай, Жаулабай атты қырғыздардың есімі де хатқа түскен.

2. Барақ батырдың өлімі – «Барақ шабылған» оқиғасы

Қазақтар мен қырғыздардың соғысқа дайындалып жатқанынан хабар жергілікті әскери қолбасшысы олардың мұндай қақтығысқа бармауларына кеңес береді, алайда екі жақ та райларынан қайтпаған. Бұл деректе Ханқожа сұлтан мен алжан руының адамы Мөңке қол жинауға бастамашылық етсе, енді бір деректе көкжарлы руының батыры Барақ пен шапырашты қатарлы рулардың ақалақшылары бас болып әскер топтағаны анық хатқа түскен. 1774 жылы 6 наурыз Іле генерал-губернаторының патшаға жолдаған мәлімдемесінде хатталған бұл оқиға қазақ тарихы үшін аса құнды мәлімет. Онда былай делінеді:

Биыл (1774 ж.) 26 ақпан Іле қарауылына қарасты жерде мал бағып жүрген қазақ жағынан келген сүйегі ойрат Дауа есімді ер адамнан қазақ-қырғыз қақтығысының жаңдайын сұрап едік, ол: «мен биыл 32 жастамын, бұрын кутучинер ауылының[7] адамы едім, жоңғар шабылғанда, шапырашты руының адамы Бөртекараның қолына түсіп, жалшысы болдым. Былтыр (1773 ж.) қазан айында, мал бағып жүргенде сондағы адамдардан қазақ Абылай мен Әбілпейіз бірлікте қол бастап қырғыздарға соғысқа барады екен деп естідім, соңында барды ма, жоқ па білмедім. Былтыр қазан айында, көкжарлы руының қазағы Қара Барақ бас болып, шапырашты қатарлы рулардың ақалақшыларымен бірге 5 мыңға жуық қазақты бастап қырғыз жерін шабуға шыққанда, мен Бөртекараның туған інісі Досбекке еріп бардым. Бір айға жуық жүріп, Қошқартау деген жерге жетіп, қырғыз Әтекелердің 2-3 мың жылқысын барымталадық. Одан кері қайтып бір деңжер жүріп аялдаған соң қырғыздар 2 адам жіберіпті, аттарын білмедік,

[4] Бұнда мәнжу тіліндегі дыбыстық аудармаға сәйкес алынып отыр. Ілгерірек «Қышлақ Қаражырық» атанған Бижы өзені бойындағы Қаражырық болуы ықтимал. Қазіргі Жетісу облысы Көксу ауданы Мәулімбай ауылы (бұрынғы Жеңіс колхозы).

[5] Кісі аты. Мәнжу тіліндегі дыбыстық аудармасына сай алынды.

[6] meyen amban nawang, aha de alaha bade, ere mudan bi cooha gaifi jecen giyarime genehede, kuku usu ci, kara jikde de isibume, hasak i cooha siran siran i lakcarakū yabumbi. abulbis i jui hanhojo, hasak aljan otok i mungke sebe acafi fonjici, burut de coohalambi. Meni hasak i cooha teisu teisu jurafi, boljoho ba be baime jimbi sembi. … hasak se, meni abulai, abulbis, ereli, nurali, hangjambala deri cooha dosifi boljoho bade genembi, be generakū oci ojorakū sembi. jidere de, jorgon biyade altan emel, biji birai side emu ajige šeri i bade, burut i ningguci jergi jingse lamun funggala hadabuha tulubai, ming'ilha i deo jaolabai sere jergi urse be acafi, tanggū funcere cooha son son i yabumbi, fonjici, hasak i cooha meni nukte de dosifi, meni hehe juse, morin ulha be gemu tabcilaha…

[7] Кутучинер тегінде Жоңғар хандығына бағынышты аумақтарды бақылап басқаратын қызметкерлерді білдірген. Бұл арада солардан құралған ауыл (оток) меңзеліп тұр.

Қара Барақтармен кездесіп, қырғыз-қазақ бір-бірімізбен татуласайық деп алдады. Қазақтар құп көріп 10 неше күн сонда аялдады. Осы аралықта қырғыздар қол жинады. Қазақтардан әлдеқайда қарулы адамдар келіп, кенеттен қазақтарды қоршауға алып, бір күн шайқасты. Осы соғыста, бізді бастап барған қазақ Қара Барақ қырғыздардың қолынан мерт болды. 100-ден астам қазақ өліп, 100-ден астам қазақ қоршауды бұзып шықты. 4 мыңнан астам қазақ қырғыздардың қолына түсіп бағынды. Түйе, жылқы түліктері мен мылтық қатарлы заттар түгелдей тәркіленді. Қазақтарды қалың қырғыз бір-бірден бақылауға алды. Артынан қырғыз Әтеке қайтадан 2 мың адам бастап, шапырашты руын шауып алуға барды әрі 100-ден астам түтіннің әйел, бала-шағасын, түйе, жылқы, сиыр, қойын барымталады. Ауылдарына жеткеннен кейін, қырғыздар қаратып кеткен қазақтарға түгел бір-бірден ат, азырақ азық беріп, барлығын босатып еліне қайтарды. Қазақтарды неліктен босатқанын білмедік. Қырғыз Еркешара 3 ұлымен бірлесіп біздің 5 адамымызды тұтқындап алып кеткен еді, алдымен біреуін, артынан төртеуін түгел босатты. Біз аттанып, қолға түскен жерден 10 неше күн жүріп, Алтынеміл деген жерге жетіп, одан орайын тауып бір атпен осында келдім», – деді [12, 125-127 б.][8].

Бұл тарихи жазба қазақ-қырғыз қақтығысына байланысты тарихшылар арасында бұрыннан айтылып келе жатқан кейбір пайымдаулардың шындыққа жанаспайтынын, алып-қашпа әңгімелерге құрылғандығын дәлелдей алады.

Жәйіл қырғыны деп аталып ел есінде қалған қазақ-қырғыз соғысы, шын мәнінде 2 қақтығыстан тұрады. Оның бірі, Көкжарлы Көкжал Барақтың өлімімен аяқталатын жоғарыдағы Дауаның баяндаған оқиғасы. Енді бір, төменде айтылатын Абылай хан мен Әбілпейіз сұлтанның қалың қолмен келіп қырғызды шауып алуы. Яғни қырғыздар жағынан өлтірілген Барақ батыр мен 100 деген қазақ сарбазы үшін өш алу шайқасы. Дауаның соғыс туралы баянында аты аталмағанымен, алдыңғы жақта айтылғандай бұл шайқасқа Ханқожа сұлтан да қолбасы салауатымен қатысқан.

Көкжал бараққа байланысты мәлімет ең алғаш Шоқан Уәлихановтың жазбаларында кездеседі. Онда «Көкжал Барақ» немесе «Жалды Барақ» деп аталатыны айтылған. Автор Көкжал барақты найманның Барақ сұлтаны деп түсінген. Онда тағы Барақ қырғыздардың Қошқар-Ата моласын қорлағаны ауызға алынады. Сондай-ақ Барақ ешбір қарсылық көрсетпей, бүкіл әскерін тастап қашып кетті делінеді [13, 91 б.]. Алайда бұндағы Барақ – Барақ сұлтан емес, найманның көкжарлы руының батыры – Көкжал Барақ, мәнжу тілді деректе «Қара

[8] ere aniya aniya biyai juwan ninggun de ili i harangga karun ci banjihe hasak ci ukcame tucike ūlet haha dawa de, hasak, burut i emgi ishunde afaduha baita be fonjici, dawa i alarangge, bi ere aniya gūsin juwe se, danci ūlet kutuciner otok i niyalma jun gar facuhūrha fonde, capirasi otok i hasak bortohara de oljilame gamafi, ini boode takūršabuha. duleke aniya juwan biyade, bi nukte de bisire de, tubai hasak ci donjiha bade, hasak abulai, abulbis i sasa coohame gaifi burut be dailaha genembi sehe. amala genehe, akū be donjihakū. duleke aniya juwan biyade, kuku jarlak otok i hasak kara barak dalafi, capirasi i jergi otok i ahalakci sei sasa sunja minggan isire hasak be gaifi, burut i bade dailame genere de, bi hasak bortohara i banjiha deo dosbek be dahalame genehe. Jugūn de emu biya, gese yabufi, hošihor tak sere bade isinafi burut ataki sei adun i ulha be juwe ilan minggan tabcilaha. amasi marifi emu dedun yabufi tataha amala, burut ci juwe niyalma be takūraha, gebu sarakū, kara barak sebe acafi, burut, hasak ishunde hūwaliyasun oki seme andubume hoššome gisurefi, hasak se uthai tubade juwan isire inenggi tataha. ere sidende burut niyalma guilefi, hasak ci ubui fulu niyalma jifi, gaitai hasak be horifi emu inenggi afaha. ere afara de, meni dalafi genehe hasak kara barak burut de wabuha. hasak emu tanggū funcere niyalma tuheke, emu tanggū funcere hasak burulame tucike, duin minggan funcere hasak i dorgi burut de jafabuhangge bi, dahahangge inu bi, temen, morin ulha, jai miyoocan i jergi agūra be inu gemu duribuhe. hasak sebe geren burut de son son i dendeme tuwakiyabuha. amala burut ataki geli juwe minggan burut sebe gaifi capirasi otok i hasak be tabcilame genefi, emu tanggū funcere boigon i hehe juse, temen, morin ihan honin i jergi ulha be tabcilaha. ceni nukte de isinaha amala, burut se tuwakiyabuha hasak de niyalma tome emte morin, majige kunesun bufi, siran siran i gemu sindame tucibufi amasi unggihe. ai turgunde hasak be sindaha be inu sarakū burut erkešara, ini ilan jui i sasa meni sunja niyalma be jafafi gamaha. neneme emu hasak be sindaha, sirame meni duin niyalma be yooni sindaha. be ebsi tucire de, jafabuha baci juwan funcere inenggi yabufi, altan emel sere bade isinafi, šolo be tuwame emu morin yalufi baime jihe seme alambi.

Барақ» делінген. Талқылап отырған дереккөзде, Барақтың қырғыздардың Қошқар-Ата моласын қорлағаны айтылмаған, тіпті әскерлерін тастап қырғыздардан қашпаған, есесіне 200 әскерімен қоршауда қалып, 100 сарбазымен бірге жау қолынан қаза тапқан.

Көкжал Бараққа қатысты жазылған енді бір дереккөзі – Белек Солтоноевтің шежіресі. Онда 1770-1771 жылдары қазақтың Көкжал Барағы келіп қырғыздармен соғысты делінеді. Барақтың «Сан Барақ» деп те айтылатыны жазылған. Шежіре кітапта соғыстың Қошқарда болғаны, Барақтың қашып, артынан Кескентас деген жерде өлтірілгені айтылады [14, 127-129 б.]. Бұл жерде ескере кетер бір жайт, соғыс болған уақыт Белек Солтоноев айтқандай 1770-1771 жылдары емес, 1773-1774 жылдардың өларасы, бұл қытай деректерімен дәлелденіп отыр. Ал қолбасшы Барақтың соғыс майданынан қашты дегені Шоқанның айтқанымен ұқсас. Шоқан жазбаларына қарағанда Барақ мерт болмаған, ал Белек шежіресінде ол Кескентаста өлтірілген.

Ендеше осындағы «Қошқар-Ата моласы», «Қошқар» топонимдері нақты қай өңірді меңзеп отыр? Бұл жағы күңгірт, Шоқан да, Белек те анық көрсетпеген. Дауаның айтуынша қазақ қолы бір айға жуық жүріп Қошқартауға барып, ондағы Әтеке қатарлылардың жылқысын барымталаған. Осындағы «Қошқартау» бізше жоғарыда айтылған «Қошқар-Ата моласы», «Қошқар» топонимдерімен төркіндес, бір өңірді меңзеп тұрса керек. Бүгінгі Жамбыл облысы мен Түркістан облыстарына қарасты Қошқарата аумағы. Мәнжу тілді деректе «бір айға жуық жүрдік» делінген. Қазіргі Жетісу облысы Көксу маңынан Қошқаратаға дейін ара қашықтық мөлшермен 700 шақырымдай, бұл аралықты қалың қол қыстығүні жылжи жүріп айға жуық уақытта басқан деуге болады.

Тағы бір қызықты жағдай, Дауанның айтуынша қырғыздар қайта келіп шапыраштыауылын шауып алғаннан кейін, алдыңғы қолға түскен қазақтарға түгел мініс көлік, жейтін азық беріп, тұтқыннан босатып, елдеріне қайтарады. Бұдан Ханқожа сұлтан мен Барақ батыр бастаған қазақтың қалың қолын қырғыздар түгелдей қырып тастамағанын аңғаруға болады.

Жоғарыдағы дереккөздері мен тарихи жабаларды салыстыра отырып мынадай тұжырым жасай аламыз:

Барақ батырдың қосалқы аттары – Қара Барақ, Көкжал Барақ, Жалды Барақ және Сан Барақ. Түпнұсқада «көкжарлы руының адамы Қара Барақ» тіркесі кездесетіндіктен, оның найман руынан тарайтын көкжарлы руының батыры әйгілі Көкжал Барақ екені анықталып отыр. Барақтың туған жылы белгісіз, ал қайтыс болған уақыты 1774 жылдың басқы айы, қырғыздармен болған шайқаста өлтіріледі, нақты қай күн, қай жер екені хатқа түспеген. Кейбір жазбалар мен шежірелер айтқандай бас сауғалап, жаудан қашпаған, есесіне елі мен жерін қорғау жолында ерлікпен қаза тапқан.

Осы оқиғадан кейін Абылай хан мен Әбілпейіз сұлтан қалың қол жинап, қырғыз жеріне жорыққа дайындалады.

3. Абылай мен Әбілпейіздің қырғызға қол бастап баруы

Бұл реткі қазақтардың қырғыздарға жасаған жорығы туралы жазылған сенімді дерек ретінде Шоқан Уәлихановтың жазбалары мен Белек Солтоноевтің шежіре кітабын атауға болады. Шоқан соғыс уақытын 1770 жылы деп хаттаса, Белек 1775-1776 жылдары деп есептейді. Екеуі де қазақ қолының бас қолбасшысы Абылай хан деп қарайды. Бірақ Белектің шежіресінде Қабанбай бастаған 10 батырдың аты аталады [14, 130 б.].

Шоқанның еңбегінде Барақ жеңілісінің кегін қайтару үшін Абылай арғын, найман, үйсіндерден құралған қалың қолмен қырғызға жорық жасағаны айтылады. Сондай-ақ соғыстың қайда болғаны, қырғыздардың қайсы руымен ұрысқаны, Жәйілдің екі баласымен (Үсен, Теке) бірге шайқаста қаза тапқаны баяндалады. Онда тағы Жәйілдің қызы, Әтекенің әйелі Бикемжанның жоқтауын қырғыздар осы күнге дейін (мөлшермен 1850 жылдары) жырлайтынын, Жәйіл қырғыны деп аталып кеткен бұл соғыстың әлі де халық есінде екені хатталған [13, 91 б.]. Ал Белек шежіресі аталмыш оқиғаға көбірек тоқталған әрі Жәйілдің 3

баласымен қолға түскені, артынан Жауғаш батырға айтып кенже баласын босаттырғаны сөз болады [14, 132 б.]. Бүгінгі таңда айтылып жүрген «Жәйіл қырғыны» атауы Шоқан жазбаларында алғаш қолданылған. Бұл термин кейінгі қырғыз тарихшы-шежірешілері арасында қолданылғанмен, Белек шежіресінде кездеспейді.

Бір қызығы осы жолғы қазақ-қырғыз жорығына байланысты жазылған қазақша құжат сақталып қалған. Бұл хат қазақ билеушілерінің бірі – Әбілпейіз сұлтанға тән. 1775 жылы маусым айында Цин патшалығының жергілікті ұлығы – Іле генерал-губернаторына табысталған. Іле генералы оны мәнжу тіліне аудартып, өзінің жазған мәлімдемесімен бірге патшаға жолдаған. Онда былай делінеді:

Боғда Ежен ханның есендігін көп жылдарға тілейміз, Ілені басқарып тұрған генерал, амбандарға Әбілпейіз ваннан хат жібердік. Жылан жылында (1773 ж.) атам Әбілмәмбет ханның жұртына жолыққалы барып едім, одан жылқы жылы (1774 ж.) күз үйіме келдім. Қазақтар келіп: «Ханнан сізге хат келді, Бұрт алып келеді», – деп айтты. Хат бізге тимеді, сол хатты тосамыз деп сізге жолығуға кешігіп қалдық. «Ханның есендігін біліп, генерал, амбандарға көрісіп, танысып кел», – деп Бопыны жібердім. Ханның берген торғынынан төрт торғынды Төбет тапсырды, хат жоқ. Мен өзім атамның жұртына барғанымда, қырғыз шет елден жылқы барымталады. Оған Ханқожа төре, Барақ батыр 4 мың кісімен барған екен, қырғыз: «Ел боламын, ақ үйлі беремін», – деп қазақтарды он жеті күн қондырып, қайтадан бұлап алыпты. Тағы қайта келіп, шапырашты[9] деген елді олжа-жесір етіп алып кетіпті. Онан кейін Абылай ханмен бірге 2 түмен кісі болып барып, 4 мың кісісін алдық. Артынан: «Ел боламын, ақ үйлі беремін, қырғыз, қазақ – бәріміз Ежен ханның албатысымыз», – деп елші келді. {Біз} жөн көріп, бері түскен кісілерді: «Бері қарадың», – деп қайтардық. Қырғыз біздің кісілерімізді әліге дейін {толық} жібермей тұр, келген де бар, келмеген де бар. Генералға Әбілпейіз ваннан екі ат, Ханқожадан бір ат тарту. Бопының жолдастары – Шахсейіт, Төбет, Мангай, Бабық, Байыр, Тілеуке. {Бұл хат} саратан айының 7-күні жазылды[10] [5, 176-177 б.].

Бұл хаттың толық мазмұны. Жоғарыда атап өтілген Барақ шабылған және Жәйіл қырғыны сынды көлемді қақтығыстардың тарихта шынымен болғанын мазмұндық жақтан толықтай түседі. Яғни Көкжал Барақтың шабылғаны да, қырғыз батыры Жәйілдің мерт болғаны да осы дереккөзі айтып отырған соғыс кезінде орын алған деп тұжырымдауға болады. Бұнда «Әбілмәмбет ханның жұрты» деп Түркістан қаласы меңзеліп тұр. Әбілпейіз 1773 жылы Түркістанға барған, одан келесі жылы күз айында үйіне – Шыңғыс-Шағанға қайтып оралған. Әбілпейіз әкесінің жұрты – Түркістанға барғанда, қырғыз ел шетінен мал барымталайды. Оған Ханқожа сұлтан мен Барақ батыр 4 мың кісімен барады. Алайда қырғыздар қазақтарды алдап 17 күн қондырып, артынан шауып алады. Бұндағы әскер саны жоғарыда Дауанның берген мәліметінен 1000 адамға кем, ал күн саны 10 неше күн делінген. Көкжал Барақ осы шайқаста қаза тапқан, бұл туралы жоғарыда айтылды. Осы оқиғадан кейін Абылай мен Әбілпейіз 2 түмен әскер бастап барып, қырғыздың 4 мың адамын шауып алады. Бұл жөнінде Ош ұлығының 1774 жылы шілденің соңын ала патшаға жолдаған мәнжу тілді мәлімдемесінде айтылады:

Илэту қазақтың Тұйсок[11] қатарлылары «Абылай, Әбліпейіз қалың қазақты бастап Қарабалта деген жерге жетіп, қырғыздармен шайқасқанда, қырғыздардан 1000-ға жуық әйел, бала-шаға тұтқынға түсіп, малдары барымталанды. Қырғыздан Әтеке қатарлылар Таласқа дейін Абылайларды қуа барып ұрыс салғанымен, түгелдей жеңіліп, 1000-нан аса адамы қаза

[9] Čafrašlï – ру аты. «Батыс шекара өңірлерді басқару істерінен шолуға» негізделгенде, Абылай ханның 3-ұлы – Әділдің иелігіне ұлы жүз үйсіннің 25 руы қараған [2, 703-705 б.], Шапырашты руы – солардың бірі.

[10] Saraṭān aynïŋ yetisi küni bitildi. Парсы күнтізбесі бойынша 4-айдың 7-күні, григориан күнтізбесі бойынша 28 маусым.

[11] Кісі аты. Мәнжу тіліндегі дыбыстық аудармасына сай алынды.

тапты және 1000-ға жуық адамы тұтқынға түсті. Бұлардың арасында қолбасшылары да бар» деп айтқанын мәлімдеген болатын [15, 8 б.][12].

Бұл қазірге дейін алғаш табылған Жәйіл қырғынына қатысты мәнжу тілді дереккөз. Әбілпейіз сұлтанның «жылқы жылы күз үйіме келдім» дегеніне қарағанда, ол соғысқа Түркістанда жүргенде қатысқан сыңайлы. Осы тақырыпқа байланысты сөз болғанда тарихшылардың көп сандысы Шоқан Уәлихановтың жазбалары мен Белек Солтоноевтің шежіре кітабына арқа сүйейді. Шоқанның 1850 жылдары ел арасынан жазып алған оқиға желісінің қазақ тарихын зерттеудегі орны айырықша. Ал одан 70 жылдай ілгері хатталған мәнжу тілді деректің маңызы тіптен зор. Яғни бұдан 250 жыл бұрын жазылған бұл архив құжаты оқиғаны тұтастай баяндап бермесе де, бұл түрдегі тарихи зерттеудің алға ілгерлеуіне оң ықпал ететіні даусыз.

Осы оқиғаны баяндаушы – Тұйсок, деректе жазылуынша суан руының адамы, алғашында қырғыздың қолына түскен, артынан қашып шығып елге бара жатқан жолында қарауыл бойымен жүргені үшін шекара күзетшілері жағынан тұтқындалады [16, 220-221 б.][13]. Мәлімет осыдан кейін жазылып алынған. Бұнда айтылған «қарауыл бойы» Цин патшалығының қарауыл сызығын меңзеп тұр.

Сөйтіп жаңадан табылған дереккөздеріне талдау жасай келе, бұл жолғы соғыстың Барақ шабылғаннан кейін іле-шала болғанын, яғни 1774 жылы сәуір мен маусым айлары аралығында болған деп межелеуге болады.

Шоқан жазбаларында бас қолбасшы ретінде Абылай ғана ауызға алынады. Ал Белектің шежіре кітабында Абылаймен бірге Қабанбай бастаған 10 батырдың аты аталады. Шынтуайтқа келгенде, жазба дерек бойынша бұл реткі ұрыстың бас қолбасшылары – Абылай хан мен Әбілпейіз сұлтан. Әбілпейіз хатында айтқандай Абылай екеуі қалың қол бастап барып қырғызды шауып алады. Дегенмен қазақтар жағынан жазылған хатта да, Цин ұлықтарының мәлімдемелерінде де Барақтан басқа батыр-билердің аты-жөні жазылмаған. Тек Мөңке, Бөртекара, Досбек, Тойсұқ сынды бірнеше адамның аты ғана кездеседі.

Ош ұлығының мәлімдемесі бойынша, алғаш шайқас болған жер – Қарабалта. Бүгінгі Қырғызстандағы Жәйіл ауданы жерімен ағып өтетін Қарабалта өзені аумағы. Енді бір соғыс майданы – Талас. Әтеке бастаған қырғыз қолы осы арада қазақтармен шайқасып, 1000-нан астам адамынан айырылады, сондай-ақ осымен барабар адамы қазақ әскерлеріне қолға түседі. Бізше Жәйіл батыр мен балалары осы шайқаста қаза тапқанға ұқсайды.

Қортынды. Мақала XVIII ғасырдың соңын ала қазақ-қырғыз арасында болған «Барақ шабылған», «Жәйіл қырғыны» сынды тарихи оқиғаларды арқау етіп жазылған. Көпшілікке аян, ұзақ жылдар аталмыш оқиғалар Шоқан Уәлиханов, Белек Солтонев қатарлы тарихшы-шежіреші ғалымдардың еңбектері негізінде зерттеліп келді. Алайда көп жағдайда «Барақ шабылған» оқиғасы көмескіленіп, «Жәйіл қырғыны» ғана ауызға алынады. Шын мәнінде алдымен «Барақ шабылған», онан соң «Жәйіл қырғыны» болған. Жазба деректерге жүгінсек, қырғыздар ел шетінен қайта-қайта мал барымталап қоймаған соң, Ханқожа сұлтан, Барақ батыр қалың қол жинап, қырғыздарға барып, Әтекелердің жылқысын барымталап алып қайтып келе жатқанда қырғыздарға алданып, олардың қоршауында қалып ойсырай жеңіледі. Осы шайқаста Барақ батыр бастаған 100-ден аса қазақ сарбазы қаза табады.

Осы оқиғадан кейін Абылай хан мен Әбілпейіз сұлтан қалың қол бастап қырғызға жорық жасайды. 2 түмен әскермен келіп, қырғыздың 4 мың адамын шауып алады. Әдетте айтылып

[12] iletu i baci hasak tuisok se abulai, abulbis labdu hasak be gaifi, hara balta bade isinafi, burut i baru afara de burut i emu minggan isire hehe juse, ulha be tabcilaha. burut atike se, talas i bade abulai sebe amcanafi afara de, burut geli gidabufi emu minggan funcere niyalma dain de tuheke. geli emu minggan isire burut be hasak de jafabuha. erei dorgi utala dalaha niyalma bi seme alaha babe wesimbuhebi.

[13] jai jakan baru hūjir karun ci, suweni suwan otok i hasak tuisok sere niyalma be jafafi gajiha be fonjici, tuisok, onggolo burut de jafabuha. te ukcame tucifi amasi nukte de genere de, meni karun i hanci duleme yabume ofi, karun i hafan cooha de jafabuha sembi.

жүрген «Жәйіл қырғыны» – осы оқиға. Бір қызығы, жазба деректерде Әтекенің аты аталады да Жәйілдің есімі кездеспейді.

Шоқанның, Белектің жазбалары және ел ішінде айтылып жүрген осыған қатысты шежіре-деректер, Әбілпейіздің хаты, сондай-ақ енді ғана ғылыми айналымға түсіп жатқан Цин деректері, әсіресе мәнжу тілді жазба мұралар бәрі де мазмұндық жақтан бірін-бірі толықтап, осы жылдардағы қазақ-қырғыз арасында туындаған қақтығыстардың ғылыми түрде зерттелуіне оң ықпал жасап отыр. Осындай салыстыра зерттеу аясында, бұл реткі қазақ-қырғыз соғысының 1770 жылы немесе 1775-1776 жылдары емес, 1774 жылы болғаны анықталды.

Кейбір тарихи деректерде Абылай ханның қырғыз жеріне жасаған жорықтары нәтижесінде қырғыздардың бір бөлігі қазақ билігін мойындағаны айтылады. Дегенмен бұл бағыну тұрақты сипат алмады. Уақыт өте келе қырғыздар қайтадан тәуелсіз әрекет етіп, өз саясатын жүргізе бастады. Бұл жағдай аймақтағы саяси тұрақсыздықтың сақталуына әсер етті.

Сонымен қатар, қазақтар мен қырғыздар арасында тек қақтығыстар ғана емес, мәдени және экономикалық байланыстар да болды. Сауда-саттық жүргізіліп, кейде құдандалық қатынастар орнады. Мысалы, Әбілпейіз сұлтанның бір әйелі Тұмар ханым қырғыз манабының қызы делінеді, одан Көгедай, Сәмен және Жабағы тарайды. Бұл екі халықтың этникалық және мәдени жағынан жақындығын көрсетеді.

Қорыта айтқанда, XVIII ғасырдағы қазақтар мен қырғыздар арасындағы қақтығыстар көшпелі қоғамның табиғи ерекшеліктерінен туындаған күрделі тарихи құбылыстар деуге болады. Бұл қақтығыстар жер мен билік үшін жасалған күрестің көрінісі болғанымен, екі халықтың арасындағы байланыстарды толық үзіп тастаған жоқ. Керісінше, олар бір-бірімен көршілес отырып, қажет жағдайда одақтасып, ал кейде қарсылас ретінде әрекет етіп отырды. Осы тарихи тәжірибе қазақ-қырғыз қарым-қатынасының терең әрі көпқырлы екенін айқын көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Юаньфэн У, Еэрда У., Ба. Батубаяр құраст. Цин дәуірінде шығысқа оралған Қобықсары торғауыттары туралы жазылған мәнжуша архив құжаттарының толық тәржімасы. – Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы, 2013 (吳元豐、烏・葉爾達、巴・巴圖巴雅爾主編『清代東歸和布克賽爾土爾扈特滿文・案全譯』,烏魯木齊: 新疆人民出版社, 2013), – p. 590.

2. Сун Юнь құраст., Батыс шекара өңірлерін басқару істерінен шолу, Қытай шекаралары сериясы 1 (12). – Тайбэй: Вэньхай баспасы, 1965 (松筠撰『西陲總統事略』12卷, 中國邊疆叢(書第1輯 : 12), 台北: 文海出版社, 1965), – p. 886.

3. Әбділәшімұлы Д. Қазақ ваны Ханқожаның Іле генералына жазған өтініш хатынан бір нұсқа // Шыңжаң қоғамдық ғылымы. 2010. – №3. – 26-31 б.

4. Әбділәшімұлы Д. Чжунго бірінші тарихи мұрағатында сақталған қазақша құжаттар, – Бейжің: Ұлттар баспасы (Алматы: Елтаным баспасы), 2016. – 278 б.

5. Әбділәшімұлы Д. Елдік феномен: Қазақ хандығының Цин патшалығына жолдаған бірегей дипломатиялық құжаттары туралы тарихи-деректанулық зерттеу, – Токио: Токио шетел тілдері университеті Азия және Африка тілдері мен мәдениетін зерттеу институты, 2025. – 452 б.

6. Әбділәшімұлы Д. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақша мұрағат құжаттары туралы тарихи-деректанулық зерттеу, докторлық диссертация, Жапония Киото университеті, 2010 (デュセンアイル・アブディラシム『18-19世紀文語カザフ語文書の歴史文献学的研究』博士論文, 日本京都大学, 2010). – 170 б.

7. Фухэн қатарлылар құраст., Батыс өңір топонимдері және кісі аттары (1), Сыку цюаньшу сирек кітаптарының үш бөлімі/Төрағалық еткен Ван Юнву/Үш бөлім/118-120, – Бейжің: Шанву иншугуань баспасы (傅恆等奉敕撰『欽定西域同文志』（1）四庫全書珍本三集/王雲五主持/三集/118-120, 北京: 商務印書館).

8. Онума Такахиро. Жоңғардың басқару жүйесі туралы іргелі зерттеу // Кубота Джунпей, Шоши және Иноуэ Мицюки құраст., Іле өзені аңғарының тарихы мен географиясы туралы мақалалар жинағы: Еуразияның түкпірінен көз тастағанда, 2009. – Киото: Шокодо (小沼孝博「ジューンガルの支配体制に関する基礎的検討」窪田順平・承志・井上充幸編『イリ河流域歴史地理論集—ユーラシア深奥部からの眺め—』京都：松香堂, 2009), – p. 33-63.

9. Қытай шекара аймақтарының тарихы мен географиясын зерттеу орталығы мен Қытайдың бірінші тарихи мұрағаты бірлесіп құраст., Цин дәуіріндегі Шыңжаңға қатысты мәнжуша мұрағат құжаттарының топтамасы, 113-том, – Гуйлин: Гуанси педагогикалық университеті баспасы, 2012 (中國邊疆史地研究中心與中國第一﹡史﹡案館合編『清代新疆滿文﹡案彙編』（全283冊）, 桂林: 廣西師範大學出版社, 2012), – p. 449.

10. Қытай шекара аймақтарының тарихы мен географиясын зерттеу орталығы мен Қытайдың бірінші тарихи мұрағаты бірлесіп құраст., Цин дәуіріндегі Шыңжаңға қатысты мәнжуша мұрағат құжаттарының топтамасы, 95-том, – Гуйлин: Гуанси педагогикалық университеті баспасы, 2012 (中國邊疆史地研究中心與中國第一﹡史﹡案館合編『清代新疆滿文﹡案彙編』（全283冊）, 桂林: 廣西師範大學出版社, 2012), – p. 455.

11. Қытай шекара аймақтарының тарихы мен географиясын зерттеу орталығы мен Қытайдың бірінші тарихи мұрағаты бірлесіп құраст., Цин дәуіріндегі Шыңжаңға қатысты мәнжуша мұрағат құжаттарының топтамасы, 117-том, – Гуйлин: Гуанси педагогикалық университеті баспасы, 2012 (中國邊疆史地研究中心與中國第一﹡史﹡案館合編『清代新疆滿文﹡案彙編』（全283冊）, 桂林: 廣西師範大學出版社, 2012), – p. 447.

12. Қытай шекара аймақтарының тарихы мен географиясын зерттеу орталығы мен Қытайдың бірінші тарихи мұрағаты бірлесіп құраст., Цин дәуіріндегі Шыңжаңға қатысты мәнжуша мұрағат құжаттарының топтамасы, 118-том, – Гуйлин: Гуанси педагогикалық университеті баспасы, 2012 (中國邊疆史地研究中心與中國第一﹡史﹡案館合編『清代新疆滿文﹡案彙編』（全283冊）, 桂林: 廣西師範大學出版社, 2012), – p. 449.

13. Уәлиханов Ш.Ш. Шоқан Уәлиханов (көп томдық шығармалар жинағы), 2-том (2-басылым), – Алматы: Толағай групп, 2010. – 464 б.

14. Belek Soltonev (Čooptuu redaqtoru: akademik A.Ç. Qakeev), Qyrğyz taryhy (Qyzyl qyrğyz taryhy 1-2), – Bişkek: «ARHI» Innovatsijalyq Borboru, 2003. – 448 b.

15. Қытай шекара аймақтарының тарихы мен географиясын зерттеу орталығы мен Қытайдың бірінші тарихи мұрағаты бірлесіп құраст., Цин дәуіріндегі Шыңжаңға қатысты мәнжуша мұрағат құжаттарының топтамасы, 120-том, – Гуйлин: Гуанси педагогикалық университеті баспасы, 2012 (中國邊疆史地研究中心與中國第一﹡史﹡案館合編『清代新疆滿文﹡案彙編』（全283冊）, 桂林: 廣西師範大學出版社, 2012), – p. 450.

16. Қытай шекара аймақтарының тарихы мен географиясын зерттеу орталығы мен Қытайдың бірінші тарихи мұрағаты бірлесіп құраст., Цин дәуіріндегі Шыңжаңға қатысты мәнжуша мұрағат құжаттарының топтамасы, 119-том, – Гуйлин: Гуанси педагогикалық университеті баспасы, 2012 (中國邊疆史地研究中心與中國第一﹡史﹡案館合編『清代新疆滿文﹡案彙編』（全283冊）, 桂林: 廣西師範大學出版社, 2012), – p. 448.

References:

1. Yuanfeng Wu, Ye'erda Wu, Ba Batubayaer zhubian. Qingdai donggui Hebukesaier tuerhute manwen dang'an quanyi [Complete Translation of the Manchu Archives of the Torghut of Hoboksar Who Returned to the East in the Qing Dynasty]. Wulumuqi: Xinjiang renmin chubanshe, 2013. p. 590. [in Chinese].

2. Song Yun zhuan. Xichui zongtong shilue [General Outline of Affairs of the Western Region]. 12 juan, Zhongguo bianjiang congshu 1 (12), Taibei: Wenhai chubanshe, 1965. [in Chinese].

3. Abdilashim D. Qazaq sultany Khanqozhanyn Ile generalyna zhazgan otinish khatynan bir nusqa [One version of the request letter written by Kazakh sultan Khankhoja to the Military Governor of Yili]. Shynzhan qogamdyq gylymy. 2010, №3. p. 26-31. [in Kazakh].

4. Abdilashim D. Qytay birinshi tarihi muraghatynda saqtalghan qazaqsha qujattar [Research on Kazakh Documents in the First Historical Archives of China]. Beijing: Ulttar baspasy. 2016. p. 278. [in Kazakh].

5. Abdilashim D. Елдік феномен: Қазақ хандығының Цин патшалығына жолдаған бірегей дипломатиялық құжаттары туралы тарихи-деректанулық зерттеу [A State phenomenon: Research on the Diplomatic documents of the Kazakh Khanate addressed to the Qing Dynasty from the perspective of historical literary study]. Research Institute for Languages and Cultures of Asia and Africa, Tokyo University of Foreign Studies. 2025. p. 452. [in Kazakh].

6. Abdilashim D. 18–19 seiki bungo Kazahugo monjyo no reikishi bunkengakuteki kenkyu [A Historical Study of Kazakh Documents in the 18th–19th Centuries]. Doctoral dissertation. Kyoto: Kyoto University, 2010. p. 170. [in Japanese].

7. Fuheng deng fengchi zhuan. Qinding xiyu tongwen zhi [Imperially Commissioned Unified-language Gazetteer of the Western Regions]. Vol. 1. Siku quanshu zhenben sanji/Wang Yunwu zhuchi/sanji/118-120, Beijing: Shangwu yinshu guan. [in Chinese].

8. Takahiro Onuma. Jungaru no shihai taisei ni kansuru kisoteki kento [A Preliminary Study on the Governance System of the Dzungar State]. Junpei Kubota, Cheng Zhi, and Mitsuyuki Inoue (eds.). Iri kawa ryūiki rekishi chiri ronshū: Yūrashia shin'ōbu kara no nagame. Kyoto: Shōkadō, 2009, p. 33–63. [in Japanese].

9. Zhongguo bianjing shidi yanjiu zhongxin yu Zhongguo diyi lishi dang'anguan hebian. Qingdai Xinjiang manwen dang'an huibian [A Collection of the Xinjiang Manchu Documents of the Qing Dynasty]. Vol. 113. Guilin: Guangxi shifan daxue chubanshe, 2012. p. 449. [in Manchu].

10. Zhongguo bianjing shidi yanjiu zhongxin yu Zhongguo diyi lishi dang'anguan hebian. Qingdai Xinjiang manwen dang'an huibian [A Collection of the Xinjiang Manchu Documents of the Qing Dynasty]. Vol. 95. Guilin: Guangxi shifan daxue chubanshe, 2012. p. 455. [in Manchu].

11. Zhongguo bianjing shidi yanjiu zhongxin yu Zhongguo diyi lishi dang'anguan hebian. Qingdai Xinjiang manwen dang'an huibian [A Collection of the Xinjiang Manchu Documents of the Qing Dynasty]. Vol. 117. Guilin: Guangxi shifan daxue chubanshe, 2012. p. 447. [in Manchu].

12. Zhongguo bianjing shidi yanjiu zhongxin yu Zhongguo diyi lishi dang'anguan hebian. Qingdai Xinjiang manwen dang'an huibian [A Collection of the Xinjiang Manchu Documents of the Qing Dynasty]. Vol. 118. Guilin: Guangxi shifan daxue chubanshe, 2012. p. 449. [in Manchu].

*13. Chokan Valikhanov. Шоқан Уәлиханов (көп томдық шығармалар жинағы), 2-том (2-басылым) [*Collected Works of Chokan Valikhanov, *Vol. 2 (2nd ed.)]. Almaty: Tolagay Group, 2010. p. 464. [in Kazakh].*

14. Belek Soltonev (ed. A. Ch. Kakeev). Qyrğyz taryhy (Qyzyl qyrğyz taryhy 1-2) [History of the Kyrgyz (History of the Kara-Kyrgyz, Vols. 1–2)]. *Bishkek: ARHI Innovation Center, 2003. p. 448. [in Kyrgyz].*

15. Zhongguo bianjing shidi yanjiu zhongxin yu Zhongguo diyi lishi dang'anguan hebian. Qingdai Xinjiang manwen dang'an huibian [A Collection of the Xinjiang Manchu Documents of the Qing Dynasty]. Vol. 120. Guilin: Guangxi shifan daxue chubanshe, 2012. p. 450. [in Manchu].

16. Zhongguo bianjing shidi yanjiu zhongxin yu Zhongguo diyi lishi dang'anguan hebian. Qingdai Xinjiang manwen dang'an huibian [A Collection of the Xinjiang Manchu Documents of the Qing Dynasty]. Vol. 119. Guilin: Guangxi shifan daxue chubanshe, 2012. p. 448. [in Manchu].